

Қазақ тілі (B2 деңгейі) 2-семестр. 1-сабақ. Екінші бөлім.

Лексикалық тақырып: Ғылыми-техникалық даму.

Грамматикалық тақырып: Білік, дағды мәнді сөйлем.

Модаль сөздердің саны тілде аса көп болмаса да, атқаратын қызметі зор, әрі маңызды. Сондықтан ендігі кезекте түркі тілдеріндегі модаль сөздер әр түрлі жолдар арқылы жасалатындығына тоқталу.

1. Модаль сөздердің жасалуының өнімді жолына таза модальді және есім модальді сөздердің тәуелді формада әбден тұрақтап, қалыпты бір орнықтылық алған, III жақ тәуелдік жалғауының жақсыздығы мен заттық мәнінің жалпылануы арқылы жасалынған сөздер жатады: қысқа-сы, ыңғай-ы

2. Модаль сөздер кейбір үстеулер мен үстеу мәнінде қолданылатын зат есімдердің заттық мәнінен және пысықтауыштық қызметінен айрылу нәтижесінде пайда болған.

3. Модаль сөздер өзінің предикаттық функциясынан айрылған бағыныңқы сөйлемнің баяндауышынан жасалады. Қазақ тілінде «дейді, деседі, білем» тағы басқа сөздер.

4. Кейде модаль сөздер модаль тіркестің бір компонентінің түсіп қалуы арқылы да жасалынуы мүмкін.

5. «Бет, бейне, пішін, порым, түр» мағынасын білдіретін түбірлерден сияқты, сықылды, секілді, тәрізді, тақылетті, рәуішті, іспетті модаль сөздер қалыптасқан.

6. Тіліміздегі бәлки, бәлкі, бәлкім, әлбетте, зайыры, нәті (нәйәті), лазым (ләзім), ықтимал, мүмкін, рас тағы басқа біраз сөздер араб, парсы тілінен ауысқан.

Лексика-семантикалық жағынан топтары:

1. «Болжалды мәнді» модаль сөздер: сияқты, сыңайлы, сынды, әлпетті, мүмкін, шамасы, аңғары, әлпеті, жобасы, қисыны, тәрізі, сиқы, нәті, бәлки, бәлкім, бәлкі, ықтималы, кәдік, болар, шығар, білем, -ды білем, -қан, -кен білем, -са, -се керек, -у керек, -ға, -ге ұқсайды, -уы мүмкін, тәрізі, түрі, бар т. б. лексемалар. Мысалы: Құмға тірідей көміліп қалған денесін зорға ашып, тәлтіректтей тұрған Бархан ал дегенде қыстағына қарап еді, орнында сияқты (О. Бөкей);
2. «Міндеттілік» мағына негізінен керек, тиіс, қажет, لازم, сөздерінің қатысуымен жасалатын -у керек, -у қажет, -у لازم, - мақ керек, маққа керек, -уға тиіс, -уы(уі) тиіс сияқты аналитикалық форманттар арқылы беріледі. Мысалы: Әкең болса да жауапты нәрсені түгендеп алу керек (О. Бөкей);
3. «Хабардың ақиқаттығына әбден көзі жеткендік» модальдік мағынасы қазақ тілінде көрінеді, екен формалары арқылы беріледі. Мысалы: Кісі дегенің, жас ұлғайған сайын, су жүрек қорқақ, әрі қорғаншақтап, сақ тарта берері несі екен (О. Бөкей);
4. «Бір нақты дерек негізінде білдіретін» модальдік мағынаны қазақ тілінде «де» формасы атқарады, кейде «деп айтады, деп естиміз, деген сөз бар» сияқты құрамда да кездеседі. Мысалы: «Байдың асын байғұс қызғанады» деген сөз бар (О. Бөкей);
5. «Айтылған ойды өз тарапынан қостау» мағынасында рас, анығында, шынында модаль сөздері қолданылады. Мысалы: Рас, анау қарлығаштың ұясындай сәнді үйлерде біреулер өлер, біреулер туар, талай жылдар өтіп, жаңа ғасырдың табалдырығынан да аттармыз, ол күнге менің ғұмырым жетер, бәлкім жетпес те, бірақ мен салуға қатысқан Ақтау қалады; оны жер бетінен жоғалтып жіберетін күш жоқ (О. Бөкей);
6. «Айтылған ой жөніндегі нық сенімін» білдіру әрине, әлбетте сөздері арықлы беріледі. мысалы: Мысалы: Әрине, онша тереңдетпей, шулатпай, әзіл-қалжыңға шаптыра жіңішкелеп бастайсыздар сапарды (О. Бөкей);

7. «Тілек, қалау» мәнді модальділікті қазақ тілінде -са, -се екен, -са, -се дейм, деймін аналитикалық формалары арқылы беріледі. Мысалы: А, құдай-ау, аң болса екен! (О. Бөкей);

8. «Күдік мәнімен байланысты түрі» -ар ма екен, -са неғылсын, кім біледі аналитикалық конструкциялары білдіреді. Мысалы: Өзі де ұл-қыз өсіріп, ешкімнің ала жібін аттамай, адал ғұмыр кешіп келе жатқан азамат екенін аңғарту ма екен... (О. Бөкей).

Модаль сөздер қолданылу ерекшеліктеріне қарай 3 топқа бөлінеді:

1. Сөйлемде тек синтаксистік қыстырма мүше қызметінде қолданылатын модаль сөздер;
2. Үнемі тек баяндауыштың шылауында көмекші мүше қызметінде ғана жұмсалатын модаль сөздер;
3. Сөйлемде әрі синтаксистік қыстырма сөз, әрі қимыл есімді баяндауыштың шылауында көмекші қызметінде қолданылатын «мүмкін» модаль сөзі тұрғысында қаралады..

Жазылым. Жаттығу жұмысы.

1-тапсырма. Қостау мағынасындағы рас, шынында, анығында сөздерін қатыстыра отырып, білік, дағды мәнді сөйлемдерге мысалдар жазыңыз.

2-тапсырма. Болжал мәнді модаль сөздерімен сөйлемдер құрастырып жазыңыз.

Тіл дамыту жұмысы. Ұлағатты сөздерді есте ұстаңыз.

Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

Абай Құнанбайұлы

1-сабақ аяқталды.

Жазылым. Жаттығу жұмысы.

1-тапсырма. Қостау мағынасындағы рас, шынында, анығында сөздерін қатыстыра отырып, білік, дағды мәнді сөйлемдерге мысалдар жазыңыз.

2-тапсырма. Болжал мәнді модаль сөздерімен сөйлемдер құрастырып жазыңыз.

3-тапсырма. Қалау мәнді сөздермен, күмән ұғымын білдіретін сөздермен мәтін жазыңыз.

Тіл дамыту жұмысы. Ұлағатты сөздерді есте ұстаңыз.

Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

Абай Құнанбайұлы

Ғылым білімге қонады, ғылымсыз білім тым құрғақ.

Жүсіпбек Аймауытов

Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады.

Абай Құнанбайұлы

Ғылым үйрен - көзің ашылады.

Міржақып Дулатұлы

1-сабақ аяқталды.